



# ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

Оқу үдерісінің жағдаяттық  
бағыттары





Оқытудың әлеуметтік болашағы барлық оқытуды «жағдаяттық» ретінде біртіндеп қайта ойлаудан едәуір күш алды. Оқушы қашанда әлеуметтік және мәдени жағдайлардың әсеріне ұшырайды, онда оқыту оның нәтижесін анықтайды. Оқытуға деген мұндай көзқарас білім қалай әлеуметтік жіктелетініне зер салынады. Білім қоғамдастық тәжірибеде қарастырылып, оқыту нәтижелері адамдардың осы тәжірибеде табысты қатысу қабілеттеріне бағытталады. Бұл орталық міндеттер бойынша компоненттерді талдаудан табысты тәжірибелік үлгісіне бірден ауыстырылады. Мұны оқыту теориясына әлеуметтік контекстінде емес, мінез-құлықтық сияқты когнитивтік деңгейде де қажетті түзету ретінде қарастыруға болады. Осындай оқыту мен конструктивизмнің болжамдары негізінде оқыту арнайы маңызды болуы тиіс және бұлар оқу ортасымен өте жақын байланыспайды.

Іс-әрекет, мотивация және оқыту мұның барлығы әлеуметтік күштермен қалыптасқан ұқсастықтың жағымды сезімдерінің (немесе жағымды өзіндік бағалау) қажеттілігімен байланысты.

Бараб пен Даффи (2000) жағдаяттық оқытудың екі дербес тұғырларын бөліп көрсетеді. Біріншісін жағдаят туралы әлеуметтік-психологиялық түсінік ретінде қарастыруға болады. Бұл оқытудың формальдыдан тыс жағдайдағы контекстік-тәуелді маңызын белгілейді және конструктивтілік міндеттерді дайындауға алып келеді. Әрқайсысы кәдімгі қолданылатын дағды немесе білімді («тәжірибе өрісі») оқу әрекетін әлеуметтік контексте аутенттік (дұрыс) етуге күш салады. Осы орайда проблемалық оқыту (Savery and Duffy 1996) және когнитивті оқу-үйренуді (Collins 2006) мысал ретінде алуға болады. Мұнда білім беру ортасындағы нақты қолданылатын оқу міндеттері мен олардың сипаттамалары арасындағы өзара байланысқа назар аударылады.

Білімге, идеяға негізделген оқытудың екінші нұсқасында қоғамдастықтың тәжірибелік тұжырымдамасында кеңінен танылмал іс-әрекетке қатынасына емес, адамның басқа адамдар топтарымен қарым-қатынас бағытына мән беріледі, алайда тәжірибе қоғамдастықпен сәйкестендіріледі.

Лэйв және Венгер (1991) тәжірибені зерттеуде қарым-қатынас үдерісі ретінде сипаттайды, онда жаңадан келгендер қоғамдастық іс-әрекетінде алғашқыда шетте болады, қоғамдастықпен әрекеттену арқылы, оған толыққанды ене бастайды. Венгер (1999) үшін машықтанушылар іс-әрекетке жақын болып қана қоймай; индивид оқушы тұлғасы қоғамға қатысты қалыптасады.

Оқытуды алмастыратын тұжырымдама (Mayes et және т.б., 2001), басқалармен өзара әрекеттесу арқылы оқыту идеясына негізделеді. Бұл басқаны бақылау арқылы өтеді, мысалы, мастер класс. Сыныптағы кәдімгі оқу сабақтарының айтарлықтай саны қарапайым тәсіл болып табылады, оқытудың бұл түрі компьютерлік-қосымша коммуникация арқылы кеңейтіледі.

Оқытудың жағдаяттық екенін анықтауға мүмкіндік беретін үш деңгей бар:

## **1. Үйретушілер қоғамдастығы деңгейінде жағдаяттық оқыту: жоғары деңгей**

1991 жылы Communities of Practice (CoP) ұғымының авторы Этьенн Венгер (Etienne Wenger) кейін осы ұғымын «тұрақты негізде өзара әрекеттесу арқылы қызығушылық/мәселе немесе әуестену/еліктеуде өзінің білімі мен тәжірибесі тереңдететін адамдар тобы» тұрақты түрде деп анықтады. Венгер барлық жерде және әрқашан (айқын немесе айқын емес түрде) қоғамдастық бар деген идеясын айтады. Әрбір адам тіпті саналы түрде түсінбей-ақ бірнеше қоғамдастықтың қатысушысы болып табылады. Ұғым анықтамасындағы сан алуандығына қарамастан, үйренетіндер қоғамдастығында үш белгісінің болуымен анықталады:

1. Адамдардың формалды емес топтары (яғни ресми немесе ұйымдастыру міндеттерімен байланысты емес топтар);
2. Біріктіретін тақырыптар немесе қызығушылық саласы;
3. Қоғамдастықтың болуының мақсаты білім мен тәжірибе алмасу және оны терең зерттеуден, сондай-ақ жаңа білімді құрастыру.



Сонымен бірге тәжірибе қоғамдастығы Communities of Practice (CoP) өзінің білімін беру немесе тереңдету үшін қарым-қатынас ұстайтын және жалпы кәсіби тақырып немесе қызығушылығы біріктірілетін адамдардың формалды емес топтарын белгілейтін жалғыз ұғым емес.

Шетелдік әдебиеттерде «қызығушылық бойынша қоғамдастық» (Communities of Interest), «онлайн-қоғамдастық» (Online Communities), «виртуальды қоғамдастық» (Virtual Communities), «білім желілері» (Knowledge Networks), «ғаламдық желілер» (Global Networks) және т.б. ұғымдарды кездестіруге болады. Бұл ұғымдар атауындағы ортақтық, жалпылық «қоғамдастық» (community) немесе «желі» сөзі (желі бұл жағдайда арналық байланыстар арқылы біріктірілетін техникалық қондырғы деп түсіндіріледі, яғни қарым-қатынас арқылы бір-бірімен өзара әрекеттесетін адамдар тобы «әлеуметтік желі» деп аталады). Community of Practice кейде қолайлы болу үшін community (қоғамдастық) деп те атайды.

Машықтандыру қоғамдастығының жағдаяттық оқыту деңгейінде әлеуметтік-антропологиялық немесе мәдени қажеттілік ретінде адамның тәжірибе мен білім алуын қарастырады, онда аса кең қоғамдастықта қалайтын формаға қатысуға қол жеткізуді үйренеді.

Машықтандыру қоғамдастығының мәні адамдар жиынтығының бірлесіп қатысуы арқылы белсенділігі дамуымен және практика мен тәжірибені алмастырумен сипатталады. Бұл тұрақты және салыстырмалы төзімді топ ретінде түсіндіріледі, мысалы, ғалымдардың көп жылдар бойы жинақталған нақты білім мен құндылық, қарым-қатынас, бірлескен сенімнің дамуымен байланысты практикасы. Бірақ практиктер қоғамдастығы қысқа уақыт аралығындағы жалпы ортақ айналасына күш салады. Біз машықтандыру қоғамдастығы әлеуметтік ұқсастығы бойынша әдебиеттерде зерттелінген топқа аса жақын. Кейбір мысалдар – жас музыканттардың топтары, инженерлер командасы, біркүндік іс-шаралар, зерттеу тобы немесе балабақша сыныбы.

## 2. Топтық деңгейдегі жағдаяттық оқыту: бұл деңгей – оқу топтары

Барлық оқыту үдерісі сынып, үйренетін тьюторлық топ немесе виртуальды компьютермен байланыс әлеуметтік контекст негізінде алынған. Тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі маңызды буын тұлғаның белсенділігі болып табылады. Индивид тұлғааралық қарым-қатынастың адамзаттық қоғамдастық әртүрлі формасы, мазмұны, құндылықтары, құрылымы бойынша өзін тұлға ретінде көрсетеді және басқамен қарым-қатынас жүйесінде өзін бағалау мүмкіндігін ұсынады. Студенттік топтағы қарым-қатынас білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың және жетілдірудің жетекші шарттарының бірі болып табылады. Топта белгілі бір ұстанымды иеленіп, білім алушылар басқа адамдарға ықпал ете отырып, тәжірибе жинақтайды, ЖОО-дағы оқу іс-әрекеті және кәсіби сапаларды дамытуға қажетті білім мен дағдыны, тұлғааралық таным мен бағалауды жетілдіреді. Тұлғаның қалыптасуы және білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін бұл тәжірибенің маңыздылығын асыра бағалау қиын.

Білім алушылардың осындай топпен ұқсас болу сезімі және осы топтың теңқұқылы мүшесі ретінде қатысуға қажеттілігі күшті болады. Осындай топтар қоғамдастықтың сипаттамасына ие болады, бірақ мұнда тәжірибе – бұл нақты бір өздігінен оқып үйрену тәжірибесі ретінде алынады. Дәлірек, бұл білім беру тәжірибесі оқытуға шоғырлануы да, шоғырланбауы да мүмкін.

## 3. Индивидуалды қарым-қатынас деңгейінде жағдаяттық оқыту

Индивидуалды тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесінде оқыту. Көптеген жағдайда, оқыту үдерісінің жеке мүшесімен қарым-қатынас арқылы ынталандырылған қоғамдастықтың немесе топ жайлы сөз қозғалады. Бұл адамдарды әлеуметтік ұғым контексіне байланысты



және нақты диалог сипатына қарай бөлуі мүмкін. Кейде олардың топтағы мүшелігі тән сипатына қарағанда, жағдаятқа қатысты тұлғалық сапа-қасиеттері аса маңызды болып қабылданады. Мұндай қарым-қатынастар топтардың сипаттамасына байланысты қарым-қатынас күшімен әрекеттесіп және бір-біріне әсер етеді. Осыдан, әлеуметтік желілердің интернет-феномендермен дамуы және оқыту негізінде педагогикалық зерттеулер үшін түйінді сәт болып табылады. Ситуациялық оқыту бірлескен тәжірибені меңгеру феномені, әлеуметтік оқытудың түйінді компоненті ретінде назар аудартады. Сонымен бірге бұл контексте педагогикалық тұжырымдама мен электронды оқытуды қарастыру қажет.

Педагогикалық дизайнның маңызды элементтерінің бірі оқытуға тұғырды/тәсілді таңдау. Әлбетте, технологияның болуы ғасырлар бойғы білім беру тұжырымдамаларын өзгертуі мүмкін бе. Оқушыларға қазіргі талаптарға жауап беретін сапалы жаңа курстарды ұсынуы үшін оқыту тұғырларын қайтадан ойлау қажет.

Дәстүрлі оқыту әдістемесі педагогика мен психологиядағы ағым – бихевиоризм қағидасымен құрылады, негізгі ұстаным адамның сыртқы ықпалына жауап болуы және осы ынталандырушының ықпалымен дағдылы мінез-құлықтың өзгеру салдары. Бұл ұстаным оқытуда қолданылады, оқытушы өз курсына дәріс кезіндегі теориялық ақпаратты және практикалық сабақтарда қайталантын тапсырмаларды ұсыну мүмкін. Бұл контексте оқушылардан емтихан немесе сұрақтарды бақылау жұмысы уақытында жалғыз дұрыс жауапты білетінін көрсету талап етіледі.

Когнитивизмнің педагогикалық қағидаларды есте сақтау мен ойлаумен байланысты ішкі үрдіс ретінде оқытуға қабылдауды құрайды. Педагогикалық стратегия оқушыларға белгілі фактімен байланыстыра отырып, оқушылардың ақпараттарды дұрыс сақтауына көмектеседі, сонымен қатар өзінің білімін жүйелейді (мысалы, сызбанұсқа, суреттер, концептуалды карта, мәтінде талдау, т.б.).

Үшінші тұғырдың басты идеясы – конструктивизм, ол нақтының, әрбір адамның ортаның әсерімен дербес құрылымдалатыны жөніндегі білім. Білім және білік жаттанды ақпараттың нәтижесі емес, өзінің сыртқы әлеммен қарым-қатынас тәжірибесін қайтадан ойлаудың өнімі. Осы педагогикалық тұғыр аясындағы педагогтың рөлі – нақты мәселені қою немесе дұрыс берілген сұрақтардың жауаптары мен шешімдерінің көмегімен оқушыны ақпаратты іздестіруге итермелеу, құзыреттіліктерді қалыптастырудың барлық жолдарына оқушыларды сүйемелдеу және ашуларға қызығушылығын ынталандыру.

Әлеуметтік конструктивизм осыған топтағы жұмысты қосуды ұсынады, онда оқушылардың білімі мен құзыреттілігі бірлесіп құрылымдалады.

Бірнеше он жылдықтар барысында білім беру үдерісіне технологияны ендіру педагогикалық әдістерді қайтадан ойластыру үшін түрткі болды. Педагогика бойынша қазіргі зерттеулер мен оқу үдерісіне жаңа технологияларды пайдалану бәрінен бұрын когнитивизм және конструктивизм ұстанымдарына сүйенеді. Бұл педагогикалық тұғырлар, бүгінде зерттеушілер арасында танымал, олар XX ғасырдың ортасында қалыптасқан және сол кезеңдегі жетекші педагогтардың қолданысында болған. Оқытудың әртүрлі тұғырларынан айырмашылығы неде және бұл тұғырлар нақты курстарды құруда қалай бейнеленді? Ұсынылған кесте әртүрлі тұғырларды салыстыруға көмектеседі және әрбір осы контексте АКТ қолдану мысалдары келтіріледі.

Сонымен, бүгінгі материалдарды қорытындылай отырып, біз кез келген педагогикалық жағдаятта қолдануы мүмкін оқытудағы әртүрлі парадигмалар, оқыту теориясының жағдаяттық бағытын қарастырдық. Ұсынылған нұсқалар мысал болып табылады, АКТ пайдаланумен сабақты табысты өткізу үшін бұл форманы міндетті түрде оқытушының қолдауы міндетті емес. Олар оқытушының жұмысын жеңілдету құралы және құрылымдайтын материалы болып табылады, сонымен қоса тұтас педагогикалық команданың бірлескен жұмыстары барысында ерекше пайдалы болуы мүмкін.



Оқытудағы әртүрлі парадигмалар, Basque, J., Rocheleau, J. Winer, L. Une approche pédagogique pour l'école informatisée. Montréal, 1998 икемделген кесте.

Параметрлері	Бихевиоризм	Когнитивизм	Конструктивизм
Оқыту үдерісін анықтау	Мінез-құлықтағы өзгеріс	Ментальдық үдерістегі өзгеріс	Оқушылармен әлеуметтік контексте білімді құру
Оқушы	«Губка», ақпаратты сіңіргіш (пассивті позиция)	«Компьютер», ақпаратты жүйелеуші (активті позиция)	Білімді шешім қабылдауға орналастыру (про активті позиция)
Оқытушы	Ақпаратты беруге жауапты	Көмекші	Гид
Білім	Оқушы өзінде қабылдауы тиіс объективті нақтылық	Менталдық үдерістер көмегімен оқушының жүйелеуі тиіс объективті нақтылық	Әрқайсысы индивидуалды құрған нақтылық
Оқыту әдістері	Практикада қайталанатын тапсырмалар, дәріс	Ақпаратты берудің және меңгерудің индивидуальды және интерактивті тұғыры	Оқытуды сүйлемелдеу және кеңес беру
Қолданылған ақпараттық технологиялар мысалдары	Тесттер Нақты концептіні түсіндіретін қысқаша видеолар	Бінталандырудың интерактивті мультимедиа-ресурстары	Топтағы жобамен жұмыс үшін қолданылатын бағдарламалар Интернет-портфо-лио Коммуникация-ның электронды құралдары